

19
НАУРЫЗ
МАРТА
2023



www.election.gov.kz

ӨЗ ТАҢДАУЫҢДЫ ЖАСА!

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ
ЖӘНЕ МӘСЛИХАТТАРЫНЫҢ ДЕПУТАТТАРЫН

САЙЛАУ

№32
(4465)
Сенбі
18 наурыз
2023 жыл



ASTANA

ELORDA
AQPARAT
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



БАУЫРЛАС ЕЛДІҢ ТІЛЕУІ БІР

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Анкараға жұмыс сапары барысында Түркия Президенті Режеп Тайип Ердоғанмен кездесу өткізді. Президент қонақжайлық көрсетіп, құрметпен қарсы алғаны үшін Режеп Тайип Ердоғанға ризашылығын білдірді. Мемлекет басшысы, ең алдымен, жойқын жер сілкінісінен зардап шеккен Түркия халқына көңіл айтты.

Қазақстан Президенті Түркі мемлекеттерінің кезектен тыс саммитіне қатысты.

Қасым-Жомарт Тоқаев қазіргі геосаяси жағдай мен әлемдегі экономикалық ахуалдың күрделі кезеңінде Түркі әлемінің өзара ынтымақтастығы нығая түскенін өте дұрыс қадам деп санайды. «Біздің ұйым сол арқылы халықаралық деңгейде өзіндік орны бар екенін көрсетті. Елдеріміз саяси, экономикалық

және мәдени ықпалдастықты жаңа деңгейге көтеруі қажет. Бұл – Қазақстанның сыртқы саясатындағы басым бағыттың бірі» деді Президент.

Мемлекет басшысы жиынға қатысушыларды алдағы Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесімен құттықтап, осы мейраммен тұспа-тұс келетін «Біздің ұйым сол арқылы халықаралық деңгейде өзіндік орны бар екенін көрсетті. Елдеріміз саяси, экономикалық

2



kazislem.kz

13

НАУРЫЗ – ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ МЕРЕКЕСІ

Астанада Наурыз мейрамы қайырымдылық іс-шараларымен басталды. Елорда әкімдігінің бастамасымен ұйымдастырылатын іс-шаралардың негізі – игілікті іске, әлеуметтік тұрғыдан мұқтаж жандарға қайырымдылық көрсетуге бағытталып отыр. Сондай-ақ астаналықтар мен қала қонақтары үшін жүздеген мәдени-рухани және спорттық шаралар да ұйымдастырады. Елордада игі істер акциясы дәстүрге айналды. Әкімдік осы акцияны қолдай алатындардың барлығын қайырымдылық жасауға шақырады.

САЙЛАУ УЧАСКЕҢІЗДІ БІЛЕСІЗ БЕ?

Астана қаласының тұрғындары сайлау учаскелерін бірнеше тәсілмен онлайн біле алады:

1. Веб-қызмет: <https://sailau.astana.kz/>
2. Telegram-дағы Чат-бот: https://t.me/sailau_astana_bot
3. Smart Astana мобильді қосымшасы;
4. Көмек бірыңғай байланыс орталығы 109 телефоны бойынша.

Еске салайық, 2023 жылғы 19 наурызда Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі мен мәслихаттар депутаттарының кезектен тыс сайлауы өтеді.

19 НАУРЫЗ –
САЙЛАУ КҮНІ
АСТАНАДА
ҚОҒАМДЫҚ
КӨЛІПЕН
ЖҰРУ ТЕГІН



КҮМБІРЛЕГЕН КҮЙ ШАШУ

Кеше елорданың барлық білім беру ұйымында елорда уақыты бойынша сағат 12:00-де Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің бастамасымен «Күй күмбірі» атты домбырашылар челленджі өтті.

Білім алушылардың рухани мәдениетін, эстетикалық, патриоттық рухын арттыру, елдің мәдени мұрасын сақтау, балалардың домбырада орындау өнерін насихаттау мақсатында ұйымдастырылған челленджге қаланың 127 білім беру мекемесінен, 3000-нан аса домбырашы қатысты. Астаналық челлендж қатысушылары Құрманғазының «Балбырауын» күйін орындады.

ВАЛЮТА БАҒАМДАРЫ € EUR/KZT 490.75 \$ USD/KZT 458.22 ₸ RUB/KZT 6.09 ¥ CNY/KZT 66.6

@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz

(Соңы. Басы 1-бетте)

Президент қауіп-қатерге қашан да дайын болу керек екенін атап өтіп, төтенше жағдайлар саласындағы ынтымақтастықты дамытудың маңыздылығына тоқталды. Осы орайда «Апат және төтенше жағдайлар менеджменті, гуманитарлық көмек» тақырыбында өтіп жатқан саммитті өте қажетті іс-шара деп есептейтінін жеткізді. «Табиғи апат кезінде мемлекеттердің бір-біріне көмек көрсетуі аса маңызды. Бұған осы жолы тағы да көзіміз жетті. Бауырлас ел қиындыққа тап болғанда түркі жұрты ауызбіршілік пен жанашырлықтың озық үлгісін көрсетті. Қазақстан да түрік бауырларға бірден қол ұшын созды» деді Мемлекет басшысы.

Сонымен қатар Президент Түркия Қазақстанның басты сауда серіктестерінің бірі екенін айтты. «Түркия Қазақстанның басты бес сауда серіктесінің қатарына кіреді. Былтыр екі ел арасындағы сауда айналымы 33 пайызға өсіп, 6,3 миллиард долларға жетті. Бұл – жүйелі жұмыстың нәтижесі. Қазақстанның тауарларын Түркия нарығына көптеп шығаруға мүмкіндік бар» деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев түрік инвесторларының Қазақстандағы жобаларын қолдауға дайын екенін жеткізді. Сондай-ақ кездесу барысында «Орта дәліз» деп аталатын Транскаспий халықаралық көлік бағыты аса маңызды рөл атқаратыны сөз болды. Қазақстан тарапы әлеуеті мол осы көлік-логистикалық бағдарды дамыту үшін ортақ инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыруға дайын екенін мәлімдеді.

Өз кезегінде Режеп Тайип Ердоған шақыруын қабыл алып, Анкараға келгені үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс айтты. «Түркияға келгеніңізге қуаныштымын. Алапат жер сілкінісінен 49 мың адам қаза тапты. Осындай қиын сәтте алғашқы болып телефон шалған әлемдік көшбасшылардың бірі өзіңіз болдыңыз. Қазақстанның құтқарушылары зардап шеккен азаматтарымызды құтқаруға атсалысты. Біз шынайы бауырмалдықты сезіндік» деді Түркия Президенті.

Сондай-ақ Режеп Тайип Ердоған кейінгі жылдардағы екіжақты сапарлар нәтижесінде барлық салада өсім бар екенін, жыл соңына дейін тауар айналымын 10 миллиард долларға дейін жеткізу қажеттігін айтты. Түркия басшысы көлік саласында Орта дәліз әлеуетін толық пайдалану керектігін де атап өтті.

Түркі мемлекеттері ұйымының кезектен тыс саммиті Түркияда болған жойқын жер сілкінісінен қаза тапқандарды бір минут үнсіздікпен еске алудан басталды. Алқалы жиынға қатысқан Қасым-Жомарт Тоқаев, ең алдымен, саммитті өткізуді ұсынған Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиевке және қонақжайлықпен қарсы алған Түркия Президенті Режеп Тайип Ердоғанға алғыс айтты. Бұдан кейін Қазақстан Президенті жер сілкінісінен қаза тапқан марқұмдардың туған-туыстарына және бүкіл Түркия халқына тағы да көңіл айтты.

«Алапат зілзалананң зардабын тартқан түрік елінің қайғысы барша түркі жұртының қасіреті деп білемін. Қазақта «Қайғыны бөліссен азаяды» деген сөз бар. Ағайынның басына



БАУЫРЛАС ЕЛДІҢ ТІЛЕУІ БІР

күн туғанда біздің халқымыз ешқашан қол қусырып отырмайды. Қазақстан халқы бірден түрік бауырларға қол ұшын созды. Құтқарушыларымыз және дәрігерлеріміз дереу көмекке аттанды. Қажетті құралдармен жабдықталған ең тәжірибелі, білікті мамандарымыз құтқару жұмысына атсалысты. Бауырлас елге

Президент апат аймағында әлеуметтік нысан салып беруге Қазақстан дайын екенін атап өтіп, халықаралық қауымдастықтың Анадолия еліне көрсеткен демеуін жоғары бағалайтынын жеткізді. «Еуропадағы серіктестеріміздің Халықаралық дөңорлар конференциясын өткізу туралы бастамаларына атсалысты. Мұндай бастамаларға

Ұйым хатшылығы мен мүше мемлекеттер арасындағы байланыстарды нығайта түсу үшін бірқатар ұсыныс айтты. «Біз табиғи апаттың алдын алу үшін күш жұмылдыруымыз керек. Түркиядағы зілзала қауіп-қатерге қашанда дайын болу қажеттігін көрсетті. Сондықтан ұйым аясында Төтенше жағдайлар мекемелерінің

Президент елдеріміздегі Төтенше жағдай мекемелерінің күштері мен техникалық құрал-жабдықтарының тізімін әзірлеуді ұсынды. Бұл шара қиын-қыстау сәтте шұғыл әрекет етіп, апаттың салдарын жоюға бағытталған іс-әрекеттерді үйлестіруге мүмкіндік бермек.

Қасым-Жомарт Тоқаев төтенше жағдайдың алдын алу үшін ақпарат бөлісіп, құтқарушылардың тәжірибе алмасуы өте маңызды екенін атап өтті. Сондай-ақ биыл күзде Қазақстанда «Қазқұтқару» халықаралық оқу-жаттығу жиыны өтетінін еске салды. Президент Ұйымға мүше елдердің құтқару қызметтерін аталған іс-шараға қатысуға шақырып, сол кезде осы салаға жауапты мекеме басшыларының алғашқы басқосуын өткізуге болатынын айтты.

Қасым-Жомарт Тоқаев қазіргі геосаяси жағдай мен әлемдегі

экономикалық ахуалдың күрделі кезеңінде Түркі әлемінің өзара ынтымақтастығы нығая түскенін өте дұрыс қадам деп санайды. «Біздің ұйым сол арқылы халықаралық деңгейде өзіндік орны бар екенін көрсетті. Елдеріміз саяси, экономикалық және мәдени ықпалдастықты жаңа деңгейге көтеруі қажет. Бұл – Қазақстанның сыртқы саясатындағы басым бағыттың бірі» деді Президент.

Сондай-ақ Мемлекет басшысы жиынға қатысушыларды биыл күзде Қазақстанда өтетін Ұйымның оныншы мерейтойлық саммитіне шақырды. Қасым-Жомарт Тоқаев қиын сәтте халықаралық қауымдастықтың түрік халқына қолдау көрсетуі Режеп Тайип Ердоғанның жоғары беделі мен еліне жасап жатқан риясыз қызметінің нәтижесі деп санайтынын жеткізді. Оның пікірінше, биыл 100 жылдығын атап өтетін Түркия Республикасы зор беделге ие. Оның дамуына елеулі үлес қосып келе жатқан Түркия басшысына алдағы Президент және Парламент сайлауында сәттілік тілеп, оны түрік жұртының қолдайтынына сенім білдірді.

Президент сөзінің соңында жиынға қатысушыларды алдағы Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесімен құттықтап, осы мейраммен тұспа-тұс келетін қасиетті Рамазан айының басталуына орай ізгі тілегін білдірді.

Сонымен қатар жиында Түркия Президенті Режеп Тайип Ердоған, Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиев, Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров, Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев, Түрікменстанның Милли Генгеші Халк Маслахатының төрағасы Гурбангулы Бердімұхамедов, Мажарстан Премьер-министрі Виктор Орбан және Түркі мемлекеттері ұйымының Бас хатшысы Кубаньбек Өмірәлиев сөз сөйледі. Түркі мемлекеттері ұйымының кезектен тыс саммитінің қорытындысы бойынша мынадай құжаттарға қол қойылды:

1. Түркі мемлекеттері ұйымы кезектен тыс саммитінің Анкара декларациясы;

2. Түркі мемлекеттері ұйымының Азаматтық қорғау механизмін құру туралы шешім.

3. Түркі инвестициялық қорын құру туралы келісім.

АЗАПТАУҒА ҚАРСЫ ЗАҢҒА ҚОЛ ҚОЙДЫ

Мемлекет басшысы азаптау мен басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе қадір-қасиетті қорлайтын қарым-қатынас түрлерінің алдын алу және сотталған адамдардың құқығын кеңейту туралы заңға қол қойды. Бұл туралы Ақорданың ресми сайты хабарлады.

Бұл заң – елімізде жүргізіліп жатқан саяси және құқықтық реформалар аясында Қазақстанның азаптау мен қорлаудың басқа да түрлерін жоюға, осы мәселе бойынша халықаралық нормаларды ұлттық заңнамаға енгізуге, сондай-ақ сотталғандардың құқығын кеңейтіп, түрмедегі теріс субмеденің қалыптасуына жол бермеуге бағытталған жүйелі қадамдардың жалғасы.

Атап айтқанда, құжатта мынадай нормалар қарастырылған:

қатыгез немесе адамның қадір-қасиетін қорлайтын қарым-қатынас үшін жауапкершілік қарастырылады; азаптау үшін қылмыстық жауапкершілікке тарту шаралары қатаңдатылады;

заңсыз әрекеттердің алдын алу үшін тергеу амалдары кезінде аудио және бейне таспалау жүйесін қолдану мүмкіндіктері кеңейтіледі.

Сонымен қатар заң сотталған адамдарға бірқатар қосымша құқық береді:

Ауыр сырқатқа шалдыққан жағдайда оларға жазаны өтеу мерзімін кейінгі қалдыру құқығы беріледі, яғни сотталған адамға медициналық мекемеде шұғыл ем алуға мүмкіндік туады;

Сотталған адамды ауыр дертке шалдығуына байланысты жазасын өтеуден босату туралы сот шешімі дереу орындалады (бұрын сотталғандар соттың шешімі заңды күшіне енгеннен кейін ғана босатылатын);

Сотталған әйелдер мен олардың балалары арасындағы әлеуметтік байланысты сақтау үшін оларға өз балаларын колонияда қалдыруға рұқсат ету мерзімі 3 жылдан 4 жылға ұзартылды. Бұрын сотталған адамдардың бірінші рет істі болған азаматтарға теріс ықпал етуіне жол бермеу үшін сотталғандарды қылмыстық-атқару жүйесіндегі мекемелерге бөлу тәсілдері өзгереді. Енді бірінші рет сотталғандар бас бостандығынан айыру жазасын бұрын сотталғандардан бөлек жерде өтейді. Бұл заңға бағынушылық мінез-құлық қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Жалпы заңнамалық актілерге енгізілген өзгерістер адам құқықтарын сақтауға берілетін кепілдіктерді арттырады. Сонымен қатар қауіпсіздік шараларын күшейту, олардың түзелуіне және қоғамға бейімделуіне мүмкіндік жасау арқылы сотталған адамдардың түрмедегі жағдайын жақсартуды көздейді.



гуманитарлық және қаржылай көмек көрсетілді. Жойқын жер сілкінісі еліміздің азаматтарын да бейжай қалдырмады. Біздің халқымыз бауырларымыздың басына түскен қиындықты бірге көтеруге атсалысты. Қазақта «Асар» деген жақсы ұғым бар. Жұрт бірлесіп, мұқтаж жанға көмек қолын созады. Осы мақсатта Қазақстаннан Анадолия еліне көптеген еріктілер келіп, аянбай еңбек етті. Олар – ел басына ауыртпалық түскенде алғы шепте болатын шынайы патриот азаматтар, жаны таза адамдар. Еріктілерді ортақ іске жұмылдыру аса маңызды. Сондықтан мен Ұйымымызға мүше елдердің өкілдерін биыл Астанада өтетін Еріктілер форумына шақырамын. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» дейді халқымыз. Біз бауырлас Түркияға одан әрі қолдау көрсетуге дайынбыз» деді Мемлекет басшысы.

түркі елдері де атсалысады деп сенемін. Түркі мемлекеттері сын сағатта ауызбіршілік пен жанашырлықтың озық үлгісін көрсетті. Осы бауырмалдығымыз нығая түссін. Әрдайым бір-бірімізге қамқор болып, ынтымағымыз жараса берсін!» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы басқосудың «Апат және төтенше жағдайлар менеджменті, гуманитарлық көмек» деген тақырыпта өтуі бекер емес екенін атап өтті. Президенттің пікірінше, жер жүзінде табиғи және техногендік апаттар көбейіп жатыр. Бұл жағдай өте өзекті халықаралық мәселенің біріне айналды. Қасым-Жомарт Тоқаев осындай күрделі кезеңде Қазақстан гуманитарлық шаралардан шет қалмайтынына тоқталып, түркі елдері төтенше жағдай кезінде тиімді әрекет ете білуі керек екеніне назар аударды. Сондай-ақ

бірлескен күшін жасақтауды ұсынамын. Оны Алматыдағы Төтенше жағдайлар және алапат жер сілкіністерінің қауіп-қатерін азайту жөніндегі орталықтың негізінде ашуға болады. Бұл орталықты 2016 жылы Қазақстан және Қырғызстан үкіметтері құрған. Бірлескен күшке Ұйымның Азаматтық қорғаныс хатшылығы мәртебесін берген жөн деп санаймын. Ол апаттан зардап шеккен елдерге көмек көрсету жұмыстарын үйлестіретін болады. Осы құрылым аясында халықаралық іс-шаралар ұйымдастырылады. Атап айтқанда, құтқарушылардың біліктілігін арттыру және оқу-жаттығу курстары өткізіледі» деді Президент.

Мемлекет басшысы іздестіру және құтқару қызметтерінің дайындығын күшейту қажеттігін екінші ұсыныс ретінде атады. Осы мақсатта

НАУРЫЗ – ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ МЕРЕКЕСІ



(Соңы. Басы 1-бетте)

Астана қаласының әкімдігі мен демеуші болған PetroRetail компаниясы халықтың әлеуметтік мұқтаж топтарына және басқа да азаматтарға атаулы әлеуметтік көмек ретінде азық-түлік жиынтығы қайырымдылық көмек көрсету аясында ынтымақтастық және өзара іс-қимыл туралы Меморандумға қол қойды. «Астана әкімдігі мен PetroRetail компаниясы арасында өзара іс-қимыл туралы Меморандумға қол қойылды. Меморандум шеңберінде осы жылдың соңына дейін компания елорданың мұқтаж отбасыларына 4 мың дана азық-түлік жиынтығы түрінде көмек

көрсететін болады. Осы айда Наурыз мейрамының құрметіне мың отбасы көмек алады» деді Астана қаласы әкімінің орынбасары Есет Байкен. Астана қаласы әкімінің орынбасары акция ұйымдастырушылары мұқтаж азаматтарға көмектесіп қана қоймай, бүкіл ел бойынша орта және ірі бизнес субъектілерін қайырымдылыққа ерекше назар аударуға және белсенді болуға шақыруға ниетті екенін айтты. «Қазақ Oil сауда брендімен PetroRetail компаниясы Наурыз мерекесі қарсаңында Астана әкімдігімен бірлесіп, қайырымдылық акциясын өткізу және оған мұқтаж жандарға көмек көрсету туралы шешім қабылдады. Науқан

бір реттік емес. Біздің бастамамыз компаниямыздың қағидаттарына сәйкес келеді. Біз өзімізді әлеуметтік жауапты бизнес ретінде санаймыз. Өзгелері бұл бастаманы қолдайды деп ойлаймын» деді PetroRetail бас директоры Төлеміс Шотанов.

Еріктілер мен қарапайым тұрғындар қазір жалғызбасты зейнеткерлердің, ардагерлердің, ерекше қажеттіліктері бар балаларды тәрбиелеп отырған көпбалалы отбасылардың, аз қамтылған отбасылардың және халықтың әлеуметтік осал топтарындағы басқа адамдардың үйлеріне мыңнан астам себет тапсырды. Мың қораптың әрқайсысында ең қажетті өнімдер бар – ұн, қант, май, макарон, қарақұмық, күріш және т.б. қажетті тауарлары бар азық-түлік жиынтықтары сегіз ауыр жүкке тиелген. «Қайырымдылық акциясын ұйымдастырушыларға алғысымыз шексіз. Бұл – бізге және басқа отбасыларға үлкен көмек. Наурыз мерекесі қарсаңында осындай игі іс жасалды. Біз әкімдік пен кәсіпкерлер тарапынан үнемі көмек пен қолдау алып отырамыз. Біздің жағдайымызды бақылауда ұстап отырғандарыңызға рақмет!» деді көпбалалы ана Гульдария Мухамедиярова.

Астаналық Людмила Симакова да қайырымдылық акциясы аясында азық-түлік себетін алды. Ол ұйымдастырушылар мен еріктілерге көрсеткен көмегі үшін алғысын білдірді. «Елордамызда және елімізде жағдайымыз керемет болсын. Мерекелік көңіл-күй сыйлағандарыңызға рақмет. Осы және басқа да қайырымдылық шараларын ұйымдастырғаны үшін үлкен алғыс айтамыз» дейді ол.

ГИМНАСТИКА ОРТАЛЫҒЫ АШЫЛДЫ



Астана қаласындағы А.Бөлекбаев көшесінде көркем гимнастика орталығы ашылды.

Жаңа орталықтың аумағы 1000 шаршы метрден асса, биіктігі 14 метрге жуық. Енді көркем гимнастика талаптарына толықтай сай кешенде гимнастшылар жаттығу өткізіп, шеберлігін шындайды.

Жас спортшылар бұған дейін жаттыққан Тәуелсіздік сарайына жөндеу

жұмысы жүргізіліп, балалар жарысқа дайындықты әртүрлі жерде өткізуге мәжбүр болған еді. Енді Астанадағы балалар мен жасөспірімдер осы жерде алаңсыз дайындала алады.

Орталықтың ашылу салтанатына Астана қаласының дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы

Самат Жылқыбаев, №1 балалар мен жасөспірімдердің мамандандырылған олимпиадалық резерв спорт мектебінің директоры Сайранбек Әбілқайыр қатысты.

Қалалық спорт басқармасының басшысы жаттықтырушыларды жаңа ғимараттың ашылуымен құттықтап, сәттілік тіледі.

Айта кетейік, бұл орталықтың ғимараты жалға алынған.

«ПИРАМИДА» ҰЙЫМДАСТЫРҒАНДАР СОТТАЛДЫ

Астанада қаржы пирамидасын ұйымдастырушысын Сарыарқа ауданының №2 соты «қаржы пирамидасын құрып, оны басқарғаны, сондай-ақ алаяқтық жасағаны» үшін сегіз жылға бас бостандығынан айырды.

Елорда сотының баспасөз қызметі мәлім еткендей, сотталушы 2019 жылдың қазан-желтоқсан айларында алты адамды қылмыстық топқа тартып, кәсіпкерлік қызметпен айналысып жүргендей кейіп танытып, бірнеше ЖШС-ні сатып алған. Кейіннен ол компаниялар көліктерді нарықтан төмен бағамен сатады деген ақпарат таратады.

Осылайша, 2021 жылдың наурыз-қазан айлары аралығында «Mega-General Company», «Mega-General Co», «NurAutoKz» ЖШС және «Нұр-Ай» ЖК 300-ден астам адаммен келісімшарттар жасасып, соның нәтижесінде қомақты қаражат жинап, сондай-ақ азаматтардың жалпы сомасы 7,5 млрд теңгеден астам



мүлкін кепілдікке алады, – делінген сот хабарламасында.

Қаржы пирамидасының қызметін одан әрі жүргізіп, көрсетілген тұлғалар азаматтарды алдау және сеніміне кіру арқылы алынған көлік құралдарын кепілдікке қоя отырып, несие рәсімдеген, сонымен қатар автокөлік сатамыз деген сылтаумен 25-тен астам адамның аса ірі көлемдегі ақшасын иемденіп кеткен.

Сот үкімімен аталған тұлғаға ұйымдасқан топ құрып жетекшілік еткені (Қылмыстық кодекстің 262-бабы 1-бөлігі), қаржылық (инвестициялық) пирамида құрды (ҚК 217-бабының 3-бөлігі), сондай-ақ қылмыстық топтың құрамында аса ірі көлемде ақша жымқыруға байланысты алаяқтық жасады (ҚК 190-бабы 4-бөлігі 1, 2-тармақтары) деген айып тағылды. «Барлық қылмыстық құқықбұзушылық саны бойынша сот оны кінәлі деп танып, 8 жылға бас бостандығынан айырды» делінген хабарламада.

Елордада академик Н.Батпеннов атындағы Ұлттық ғылыми травматология және ортопедия орталығының дәрігерлері бала кезінен ауырған, туа бітті остеогенезі жетілмеген, екі аяғының көп жазық деформациясы бар 25 жастағы қыз баланы аяғына тұрғызды.

ДӘРІГЕРЛЕР НАУҚАСТЫҢ АРМАНЫН ОРЫНДАДЫ



Орталық дәрігерлері көптеген клиникалық талдаулар жүргізе келе, оң жамбасының остеотомиясын түзетіп, блокторлық пластинкамен синтез жасауға, екі жіліншігінің сүйегінің остеотомиясын түзетуге, құрсаулайтын өзекшемен остеосинтездеуге шешім қабылдады. Ұзақ оңалтудан кейін ол өз аяғына тұрды. Емдеу МӘМС жүйесі аясында жүргізілді.

Қызылордалық 25 жастағы науқастың екі аяғының ауыру тарихы бала кезінен басталады. «Өз аяғымен жүргім келеді, көмектесіңіздерші» деп ол 2014 жылы алғаш рет елордадағы травматология және ортопедия орталығына келеді. Патологиялық сырқат салдарынан аяқтары бірнеше рет сынады. Оған консервативті ем жүргізіледі.

№2 ортопедия бөлімшесіндегі емдеуші дәрігері Әсет Нұрахметовтің айтуынша, тексеру кезінде науқас мүдедектер арбасының көмегімен қозғалатын. Фотосуретте екі жіліншіктің және оң жамбастың пішіні өрескел өзгергені – көп жазықты деформациясы, екі аяқтың бұлшық етінің гипотрофиясы байқалады.

«Науқас бала кезінен бастап туа

бітті остеогенез кемістігімен, екі аяқтың көп жазықты деформациясымен ауырған. Патологиялық сырқат салдарынан аяқтары бірнеше рет сынған. Орталық дәрігерлері көптеген клиникалық талдаулар жүргізе келе, оң жамбасының остеотомиясын түзетіп, блокторлық пластинкамен синтез жасауға, екі жіліншігінің сүйектерінің остеотомиясын түзетуге, құрсаулайтын өзекшемен остеосинтездеуге шешім қабылдады. Ұзақ оңалтудан кейін ол өз аяғына тұрды» деп түсіндірді дәрігер.

Ғылыми орталықтың басты артықшылығы – дәрігер-мамандарының жоғары біліктілігінде. Білімді, білікті дәрігерлер науқастың арманын орындап, аяққа тұруына мүмкіндік жасады.

«Білікті дәрігерлердің және МӘМС арқасында, жылдар бойы оңалтудан өтіп тұрғаннан кейін, мен қазір өз аяғымен жүремін. Мені аяғыма тұрғызғандары үшін өмір бойы алғыс айтамын. Қазір белсенді өмір салтын ұстанамын, би билеп, тіпті сахнада ән айтамын» деп қуанышымен бөліседі 25 жастағы науқас.

Кейін ол тұрғылықты жері бойынша емханадағы травматолог дәрігердің бақылауына ауысқан.

ДЕМАЛЫС КЕЗІНДЕГІ ЖҰМЫСТАН БАС ТАРТУҒА БОЛАДЫ

Жұмыс беруші қызметкерді мейрам күндері жұмысқа шығару үшін келісімін алуы керек. Жұмысшылар Еңбек кодексіне енгізілген осы өзгерісті алға тартып, кешеден тыс жұмыстан бас тарта алады. Бұл жайында Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Тамара Дүйсенова Сенат кулуарында айтты.

– Жұмыс беруші азаматтарды мейрам күндері немесе жұмыс уақыты біткеннен кейін жұмысқа тартатын болса, жұмыскерге хабарлама беру керек. Жұмыскер ол хабарламаға келісетінін көрсетіп және жедел жәрдем мәселелеріне қатысы жоқ, – деді министр.

Оның сөзіне қарағанда, Еңбек кодексінегі жаңа нормадағы осы

құқығын пайдаланған адамдарды ешкім жұмыстан шығара алмайды. «Бұл жерде еңбек шартында не жазылғанына байланысты. Еңбек шартында қосымша жұмыс уақыттары туралы айтылған болса, қалып істейсіз. Ал еңбек шартында нақты уақыт берілген болса, сол уақытта ғана жұмыс істей аласыз» деді ведомство басшысы.

АЛЛО, «АСТАНА АҚШАМЫ»!

Самат ШӘДІМХАН, елорда тұрғыны:

– Президент Қасым-Жомарт Тоқаев елорданы дамыту мәселесі жөніндегі кеңес отырысында Астананың тазалығын сынаған еді. Расында елордада тазалық мәселесі өзекті. Бұл жұмыстар қалай шешіледі?

Бұл сұраққа Астана қаласының қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасының табиғатты пайдалануды реттеу саласындағы мемлекеттік қызметтер және құқық бөлімінің бас маманы Сағыныш САҒЫНТАЕВ жауап берді:

– Жалпы, Астанадағы қоқысты тазалау 37 учаскеге жүктелген. 17 мың контейнер бар. Қалдықты тасуға 100 мың көлік жұмылдырылған.

Елордада коммуналдық қалдықтарды жинаудың орталықтандырылған жүйесі бар. Ол тізбек: қалдықтарды жинау, тасымалдау, сұрыптау, өңдеу және кәдеге жаратуды қамтиды. Қалдықтарды сұрыптаумен 4 компания айналысады: «Clean City NC» ЖШС – коммуналдық қалдықтарды жинау және шығару кәсіпорны, «Astana Recycling Plant»

ЖШС – қалдықтарды өңдеу кешені, «Эко Полигон Астана» ЖШС – екі ұяшығы бар қалдықтарды көметін полигон, «Astana Recycling Development» ЖШС – «Северная грядка» құрылыс қалдықтарын қабылдау және өңдеу учаскесінің операторы. Негізі 2018 жылдан бастап «тұрмыстық қалдықтарды бөлек жинау жүйесі» енгізілді, ол бойынша «құрғақ» (қағаз, пластик, шыны, металл) және «дымқыл» (тамақ қалдықтары) қоқыстар деп бөлінген. Қалада «құрғақ» қалдықтарды жинауға 4137 сары контейнер, «дымқыл» қоқысты жинауға 10 190 жасыл және металл контейнер, пластмасса жинауға арналған 308 сары торлы контейнер, құрамында сынап бар қалдықтарды жинауға арналған 648 қызғылт сары контейнер, нан өнімдерінің қалдықтарына арналған 1 300 жасыл контейнер қойылған.

ТҮБІРТЕКТЕР ҚАЙТА ҚАРАЛАДЫ

Соңғы кездері коммуналдық түбіртектегі төлем өзгеріп, қаржының артық есептеліп келуі елордалықтарды ерекше алаңдатууда. Осыған орай, «Астана-АЭК» АҚ өкілдері «Астанаэнергосбыт» ЖШС-мен бірлесіп, қала тұрғындарымен және пәтер иелері кооперативтерінің, сондай-ақ меншік иелері бірлестіктерінің мүшелерімен бірқатар кездесулер өткізді. Жиын барысында «Астана-АЭК» АҚ басқарма төрағасы Ерлан Бердалин және төрағаның орынбасары Ғабидолла Қожабаев электр энергиясын тұтынғаны үшін түбіртектердегі есептеулердің не үшін өзгергені туралы түсініктеме берді.

«Астана-АЭК» АҚ басқарма төрағасы Ерлан Бердалиннің айтуынша, абоненттерді «Астана-АЭК» ЖШС-ден «Астана-АЭК» АҚ-ға беру кезінде шоттарда шатасулар туындады.

– Желтоқсан айында түбіртектегі төлемнің өзгеріп, қаржының артық есептелуі «Астанаэнергосбыттың» қыркүйек, қазан және қараша айларында шартты есептеулер жүргізіп, желтоқсанда өз түбіртектерін алып, тұтынушылар төрт айда – қыркүйек, қазан, қараша және желтоқсан айларында шот алуымен байланысты болды. Адамдар ашуланып, көптеген сұрақтар қойды. Тариф өзгерген жоқ, ол 2022 жылмен салыстырғанда сол деңгейде қалды, бұл абоненттерді «Астанаэнергосбыт» ЖШС-ден «Астана-АЭК» АҚ-ға беру процесінің күрделенуіне байланысты. Қаңтар айының соңында біз соңғы деректерді алдық және қазір адамдар түбіртектер мен нақты шоттарды уақтылы алуы үшін барынша жұмыс істеп жатырмыз, – деді Ерлан Бердалин.

– Бізде базаның және әр абонент бойынша қажетті мәліметтердің болмауына байланысты шартты есептеулер жүргізілді. Бірақ желтоқсан айында біз соңғы бірнеше айдың шот-фактураларын ұсындық. Адамдар бұл тек желтоқсан айындағы төлем деп ойлады, бірақ қыркүйек, қазан және қараша айларында нөлдiк шоттарды алған кезде ешкім жақ ашпады, ашуланбады, ал желтоқсанда наразылық толқыны басталды.

«Астана-АЭК» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары Ғабидолла Қожабаевтың айтуынша, елорда тұрғындарының 94%-ына «Астанаэнергосбыт» ЖШС қызмет көрсетеді.

– Заңнамаға сәйкес, Астана нарығында кәсіпорындардың үш санаты өз қызметін жүргізеді. Біріншісі – энергия өндіруші («Астана-Энергия» АҚ немесе ЖЭО-2). Олардың негізгі қызметі – жылу және электр энергиясын өндіру. Екінші санат – тарату кәсіпорындары (энергия беруші).

Олардың негізгі қызметі – деректерді тарату және оларды «Астана-АЭК» АҚ кіретін әрбір пәтерге, ТП, РП, заңды және жеке тұлғаларға жеткізу. Қаланың кейбір аудандарында бұл функцияны ЭЧ-8 және Ақмола АЭК желілері атқарады. Бірақ көпшілігіне «Астана-АЭК» АҚ қызмет көрсетеді. Энергиямен қамтамасыз ету қызметін жүргізетін кәсіпорындардың үшінші санаты – «Астанаэнергосбыт» ЖШС халықтың басым бөлігіне, нақтырақ айтсақ, тұрғындардың 94%-ына қызмет көрсетеді. Сіздің соңғы тарифіңіз кәсіпорының әр санатының тарифінен құралады. Тұтынушылар ЖЭО және «Астана-АЭК» АҚ сынды энергия беруші ұйымдармен тікелей шарттық қатынастар жасай алмайды. Оның бәрі, соның ішінде коммуналдық қызметтердің құны, тарифі, түпкілікті тарифі «Астанаэнергосбыт» ЖШС-мен жасалған. Мұны әрқашан естен шығармау қажет, өйткені «Астана-АЭК» тек «Астанаэнергосбытпен» тікелей жұмыс істейді» деді Ғ.Қожабаев.

Төраға орынбасарының айтуынша, көп жағдайда бақылаушылар көрсеткіштегі сандарды жазып алу үшін тұрғындардың пәтеріне оп-оңай бас сұға алмайды. Сонымен бірге олардың бәрі бірдей белгілі бір айда қанша электр энергиясын тұтынғаны туралы ақпаратты өз бетімен мамандарға жібермейтіні тағы бар. Осының бәрі коммуналдық төлемдердің дұрыс есептелмеуіне әкеліп соғады.

– Электр энергиясын пайдалану ережесінің 64-тармағына сәйкес, егер бақылаушы пәтерге кіре алмаса немесе баспалдақ алаңында орналасқан қалқандағы есептегіштен тұрғынның соңғы көрсеткіштерін жазып алуға мүмкіндігі болмаса, онда шартты есептеулер жүргізіледі. Бұл, әрине, коммуналдық түбір-



тектегі төлемнің өзгеруіне басты себеп болады. Негізінен, шағым айтушылардың көпшілігі – осындай абоненттер. Өткен аптада біз аудан әкімдіктерінде МИБ және ПИК өкілдерімен, тұрғындармен кездесіп, түсіндіру жұмыстарын жүргіздік. Өріптестермен болған талқылаудан кейін абоненттерден деректерді қабылдауды жалғастыру туралы шешім қабылданды. Егер деректер желтоқсан мен қаңтарға қатысты болса, онда біз жылу және электр энергиясын өндірумен әрі таратумен айналысатын кәсіпорындарға жүгініп, олармен бірге деректерді нақты соқшы есептеулерге сәйкес қайта бөлетін боламыз. Біз өз тарапымыздан жан-жақты көмек көрсетеміз, – деді Ғ.Қожабаев.

Осыған қарамастан, әлеуметтік желілер арқылы тұрғындар байланыс орталығына қоңырау шалу мүмкін емес деп шағымданауда. WhatsApp чаты деректерді ұзақ уақыт, бірнеше күн бойы қабылдайды, кейде тіпті мүлде жұмыс істемей қалады, мұндай өтініштер өте көп. Осы шағымдарға түсініктеме бере отырып, «Астана-АЭК» өкілі былай деді:

– Қоңырау шалғанымен, мамандармен байланыса алмайтын-дарын айтып шағымданатындар көп. Біз мұндай шағымдардың бәрін есепке алып отырамыз. Олардың әрқайсымен жеке-жеке жұмыс жүргізілетін болады. Шағымдарға байланысты байланыс операторлары «Қазақтеле-

комға» ауыстырылды, сондай-ақ операторлар санын ұлғайттық. Бұған дейін олардың саны 23 болса, қазір 33-ке жетті. Бірақ қуту кезегі 300 адамға дейін өсті, – деді төраға орынбасары.

Кездесуге келгендерді мазалаған сұрақтар аз болмады. Мәселен, «Үркер» тұрғын алабының бір тұрғыны өзінің осы тұрғын алапта үш жылдан бері тұрып келе жатқанын, осы уақытта коммуналдық қызмет үшін айына орташа есеппен 12-15 мың теңге, қыста және жазда 20 мыңға дейін төлеп келсе, барлық шамдарды энергияны үнемдейтін шамдарға ауыстырғанымен, қаңтар айында 97 мың, ал ақпан айында 100 мың теңге төлегенін айтты. Жауапты мекеме өкілдері бұл мәселені жеке шешуге уәде берді. Кездесу барысында астаналықтарға электр энергиясын қайта есептеу үшін қайда жүгіну керектігі егжей-тегжейлі түсіндірілді.

WhatsApp телефон нөмірлері:

Бұл мессенджер тек мәтіндік форматты қолдайды (суреттер, фотосуреттер, қоңыраулар және дауыстық хабарламалар қабылданбайды). Электр энергиясын есепке алу аспаптарының көрсеткіштерін беру үшін деректерді бір хабарламада көрсету қажет: АЭС абонентінің нөмірі, Т.А.Ә., мекенжайы, электр энергиясын есепке алу аспабының көрсеткіштері.

* Есіл ауданы: +7-771-083-77-95;
* Алматы ауданы: +7-771-083-77-92;
* Сарыарқа ауданы: +7-777-533-44-68;
* Байқоңыр ауданы: +7-771-083-77-93.

ҚАЙТА ЕСЕПТЕУДІ ҚАЛАЙ ЖҮРГІЗУЕ БОЛАДЫ?

Егер сізге артық төлеммен түбіртек келген болса, тұтынған энергия көлемін білсеңіз, онда абонент қағаз немесе электрондық тасымалдағыштағы деректерді түзете алады. Осыдан кейін тұтынылған электр энергиясының көлемі бойынша анықтама алу үшін «Астана-АЭК» АҚ-ға қайта есептеу мәселелері бойынша жүгінуге болады. ПИК немесе МИБ төрағасымен келісу кезінде үйдің барлық тұрғындарынан ұжымдық өтім беруге болады. Бұл анықтама қайта есептеу жүргізу үшін энергиямен жабдықтаушы ұйымдарға жіберілетін болады. Келесі айда қайта есептеу нәтижесі көрсетіледі.

Мемлекет басшысының нарықтарды монополиясыздандыру жөніндегі тапсырмасын орындау аясында елордада сауданың дамуы туралы қалалық коммуникациялар қызметі алаңында өткен баспасөз мәслихаты барысында Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы басшысының орынбасары Мақсат Жанабаев мәлім етті.

ЗАМАНАУИ САУДА ОРЫНДАРЫ САЛЫНАДЫ

Астанада 2022 жылдың тоғыз айының қорытындысы бойынша ЖАӨ құрылымындағы қызметтер мен сауда саласының үлесі 80% құрады, оның ішінде сауда саласы – 24%, қызмет көрсету саласы – 56%. Өткен жылдың қорытындысы бойынша тауар айналымының жалпы көлемі 22%-ға өсіп, 7,7 трлн теңгені құрады.

– Елордада 21 сауда базары жұмыс істейді. Жалпы ауданы 270 мың шаршы метрді құрайтын 9 мың сауда орнына, оның ішінде 3 базарды, атап айтсақ, Шанхай-Көк Базар, Алтай, Ұлжан базарын модернизациялау, заманауи форматқа көшу бойынша жобалық жұмыстар басталды, – деді Мақсат Жанабаев.

Мемлекет басшысының базарларды монополиясыздандыру жөніндегі тапсырмасын орындау үшін Сарыарқа ауданында 10 млрд теңге жеке инвестиция сомасына 2 заманауи базар құрылысы жоспарлануда. Бұл жобаларды пайдалануға беру 2024 жылға жоспарланған. Сондай-ақ бүгінгі таңда сауда инфрақұрылымын дамыту аясында сақтау алаңы 70 мың



шаршы метр болатын 35 млрд теңге сомасына 6 инвестициялық жоба іске асырылуда.

– Елордада «1000 орын – көше саудасы» бағдарламасы аясында 540 қосалқы жалдау шарты жасалды. Барлығы 1200-ден астам жұмыс орны құрылды. Бағдарламаға қатысушылар 1,1 млрд теңгеден астам инвестиция салды, – деді басқарма басшысының орынбасары.

Астанада әлеуметтік маңызы бар тауарлардың бағасын тұрақтандыру мақсатында елордалық және өңірлік тауар өндірушілердің қатысуымен қалалық жәрмеңкелерді ұйымдастыру жұмыстары жалғасуда.

АУМАҚТАРДЫ КЕШЕНДІ ДАМУ ТУРАНЫНДАҒЫ СТАНДАРТТЫ

Астанада «Аумақтарды кешенді дамыту стандарты» әдістемелік оқу құралының тұсаукесері өтті. Ол мелекеттік және орыс тілдерінде жарық көрді.

Қазақстандық тұрғын үй компаниясының алаңында ұйымдастырылған жиында өңірлік әкімдіктердің, министрліктер мен басқармалардың өкілдері, сәулетшілер, урбанистер, оқу орындары мен ғылыми институттардың өкілдері, құрылыс компанияларының басшылары, әзірлеушілер мен көгалдандырушылар қатысты.

Кітапты ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің, «Қазақстандық тұрғын үй компаниясы» АҚ қолдауымен және ERG компаниясының қаржылық қолдауымен қ88 қазақстандық урбанистер қауымдастығы бейімдеп, басып шығарды. Бұл әдістемелік жинақта тығыздау және нүктелік құрылыс, ескі тұрғын үйлерді жаңарту, қалалық көгалдандыру, қауіпсіз және жайлы ауалар, көшелер және т.б. сияқты көптеген мәселелердің шешімдері сипатталған.

– «Аумақтарды кешенді дамыту стандарты» – бұл қаланы жобалау кезеңінен бастап пайдалануға дейін, халықпен байланыс арналарын құрудан бастап жобаларды қаржыландыру тетіктеріне дейін кешенді түрде қарастыратын бірнеше жұмыстардың бірі. Стандарт сонымен қатар тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты реформалауды, белсенді көлік дәліздерін қалыптастыруды және қоғамдық кеңістіктерді көгалдандыруды қамтиды, – деді «Қазақстандық урбанистер қауымдастығы» ҚБ төрағасы Ерлан Әуенов.

«Қазақстандық тұрғын үй компаниясы» АҚ Басқарма төрағасының м.а. Алтай Күздібаев қазіргі уақытта кешенді құрылыс салу, қолайлы қалалық орта құру қағидағдары туралы халықтың хабардарлығы төмен

екенін атап өтті.

– Әзірленген стандарттардың мәнін және оларды нақты пилоттық жобаларға енгізудің әсерін тексеру өте маңызды. Компания Жылжымайтын мүлік нарығында сұраныс пен ұсынысты қолдау құралдары арқылы стандарттарды ілгерілетуді жоспарлап отыр, – деді ол.

Іс-шара аясында Q88 қазақстандық урбанистер қауымдастығы мен ғылым және жоғары білім министрлігі арасында меморандумға қол қойылды, оған сәйкес тараптар урбанистика және қала құрылысы саласында білім беру бағдарламаларын әзірлеу және енгізу мәселелерінде ынтымақтасуға ниетті.

– Осындай ашық стандарттарға көшу, жұртшылықты тарту, әрбір тұрғынды, қалалық қоғамдастық қолбасшыларын тарту – өте маңызды идеологиялық іс. Бұл біздің Президентіміз жүзеге асырып жатқан әділ, ашық Қазақстанның үлкен идеологиясына толық сәйкес келеді, – деді Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек.

Q88 қазақстандық урбанистер қауымдастығының негізгі міндеттерінің бірі жайлы қалалық органы дамыту және тұрақты қалаларды дамыту саласындағы кәсіби білімді арттыру және ағарту болып табылады.

«Аумақтарды кешенді дамыту стандарты» ERG компаниясының қаржылық қолдауының арқасында баспадан басылып шығарылды. Қазақ және орыс тілдерінде жарық көрген оқу құралының 2000-ға жуық жанын-тығы облыстардың, қалалар мен аудандардың әкімдері мен сәулетшілеріне, жергілікті орта құру қағидағдары туралы халықтың хабардарлығы төмен

КӨРСЕТКІШТЕРДІ БЕРУ ӘДІСТЕРІ:

- «Энергосфера» ЭКЕАЖ арқылы деректерді жинау;
- байланыс орталығы 576-580;
- аймақтарды @Astanaarekbot Телеграм-боты арқылы беру;
- қала аудандарының Whatsapp желісі арқылы аймақтарды беру;
- Etolem.kz сайты арқылы көрсеткіштерді қабылдау;
- odn@astrec.kz электрондық пошта арқылы көрсеткіштерді қабылдау.

Өтінімдер электрондық пошта арқылы қабылданады:

* «Астанаэнергосбыт» ЖШС – info@aesbyt.kz;
* «Астана-АЭК» АҚ – esep@astrec.kz.



ДИГИТАЛ QAZAQSTAN

ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫНАН KEЙІНГІ ЕЛДЕГІ 5 ӨЗГЕРІС

АТА ЗАҢДАҒЫ 98 БАПТЫҢ 33-ІНЕ ТҮЗЕТУ ЕНГІЗІЛДІ.

ПРЕЗИДЕНТ 7 ЖЫЛДЫҚ МЕРЗІМГЕ БІР РЕТ САЙЛАНАДЫ. ПАРЛАМЕНТ ПЕН МӘСЛИХАТТАРДЫ ЖАСАҚТАУ ТӘРТІБІ ӨЗГЕРДІ. КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ СОТ ҚҰРЫЛДЫ.

ПРЕЗИДЕНТ ЖӘНЕ СЕНАТ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ САЙЛАУЫ ӨТТІ. 19 НАУРЫЗДА ЖАҢА АРАЛАС ЖҮЙЕ БОЙЫНША МӘЖІЛІС ПЕН МӘСЛИХАТТАРДЫҢ ДЕПУТАТТАРЫ САЙЛАНАДЫ.

АБАЙ, ЖЕТІСУ ЖӘНЕ ҰЛЫТАУ ОБЛЫСТАРЫ ҚҰРЫЛДЫ. АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ОРТАЛЫҒЫ ҚОНАЕВ ҚАЛАСЫНА КӨШТІ.

ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙ ҚҰРЫЛДЫ.

КЕҢ КӨЛЕМДІ ӨЗГЕРІС ЖАСАЛДЫ

Былтыр 16 наурызда Президент Қасым-Жомарт Тоқаев елімізде саяси жаңғыртудың ауқымды бағдарламасын ұсынды. Содан бергі бір жылға жетпейтін уақытта бұрын-соңды Қазақстанда болмаған кең көлемді өзгеріс жасалды.

Біріншіден, 1995 жылдан бері алғаш рет жалпыұлттық референдум өтті. Халқымыз конституциялық реформаға қолдау білдірді. Ата Заңдағы тоғыз тараудың сегізінше, 98 баптың 33-іне түзету енгізіліп, басты құжаттың үштен бірі жаңартылды. Сондай-ақ 7 конституциялық заңға, 15 кодекске және 29 заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Екіншіден, жаңа саяси реформалар қолға алынды. Енді Президент 7 жылдық мерзімге бір рет сайланады. Сондай-ақ, Мемлекет басшысы саяси партияның мүшесі бола алмайды. Парламент пен мәслихаттарды жасақтау тәртібі өзгерді, олардың өкілеттігі күшейді. Конституциялық сот құрылып, жұмыс істей бастады. Бұл ретте аталған сот мүшелерінің өкілеттік мерзімі Президент пен Парламент депутаттарына қарағанда ұзағырақ болады. Саяси партияларды тіркеу рәсімі жеңілдеді. Нәтижесінде екі жаңа партия тіркелді. Осылайша, мемлекеттік-саяси құрылымның жаңа үлгісі қалыптасып, билік тармақтары арасында тепе-теңдік орнады.

Үшіншіден, маңызды мемлекеттік институттарды жүйелі түрде қайта құру үдерісі аяқталып келеді. Президент және Сенат депутаттарының сайлауы өтті. 19 наурызда жаңа аралас жүйе (партиялық тізім мен бір мандатты округтер) бойынша Мәжіліс пен мәслихаттардың депутаттары сайланады.

Төртіншіден, еліміздің әкімшілік-аумақтық құрылымы да өзгерді. Абай, Жетісу және Ұлытау облыстары құрылды. Алматы облысының орталығы Қонаев қаласына көшті.

Бесіншіден, мемлекет пен азаматтық қоғам арасында сындарлы әріптестік орнату жұмысы жалғасты. Бабалар жолымен Ұлттық құрылтай шақырылуын осы бағыттағы ілкімді істердің дәлелі деуге болады. Оның алғашқы отырысы Ұлт ұясы – Ұлытауда өтті, екінші отырысы киелі Түркістанда өтеді.

Ең бастысы, Президенттің бастамасымен іске асқан саяси реформалар ұлттық құндылықтарымызды жаңғырту үдерісінде тың серпін берді. Сондай-ақ азаматтардың белсенділігін арттыруға және олардың елімізді жан-жақты дамыту ісіне атсалысуына жол ашты.

Ерлан ҚАРИН,
Мемлекеттік кеңесші

ТАПСЫРМА

Қазақстан Республикасының Конституциялық Сотын құру, оған азаматтардың, Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының және Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің де азаматтардың конституциялық құқықтарын тікелей қозғайтын мәселелер бойынша нормативтік құқықтық актілердің Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігі туралы жүгінуге мүмкіндік беру.

ОРЫНДАЛДЫ

2022 жылы 5 қарашада тиісті Конституциялық заң қабылданды

1-бап. Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында Қазақстан Республикасы Конституциясының үстемдігін қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап өз жұмысына кірісті.

ЕЛОРДАНЫҢ ІРГЕСІ ЕСКЕРУСІЗ ҚАЛМАСЫН

НЕМЕСЕ АСТАНАНЫҢ АЗЫҚ-ТҮЛІК БЕЛДЕУІ ҚАЛАЙ ДАМИДЫ?

Биыл жыл басында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Астана қаласын дамыту мәселелері жөнінде кеңес өткізгенде «Жылдар бойы елорданың айналасында азық-түлік белдеуін дамыту туралы айтылды, бірақ бұл жұмыс орындалмады. Астана азық-түлікті Алматыдан 4 есе, ал Шымкенттен 2 есе аз өндіреді. Жалпы, барлық өңірмен салыстырғанда қала бұл көрсеткіш бойынша соңғы орында тұр. Кейінгі 8 жылда елордаға әкелінетін азық-түлік импорты 3 есеге артты. Жергілікті қайта өңдеу кәсіпорындары тек жарым-жартылай жұмыс істеп тұр. Көкөніс сақтайтын қойма да жетіспейді. Сондықтан 2025 жылға дейін қалада 13 мың тоннадан астам көкөніс сақтайтын қоймалар салу керек. Ауыл шаруашылығы министрлігі Астана қаласы мен Ақмола облысының әкімдіктерімен бірлесіп, елорданың айналасында азық-түлік белдеуін қалыптастыру жөнінде пәрменді шаралар қабылдағаны жөн» деп атап көрсеткен еді.



Қалиакбар
ҮСЕМХАНҰЛЫ

Елордаға іргесі тиіп тұрған Қосшы, Қоянды, Қараөткел, Үркер, Талапкер, Жібек жолы, Қызылсуат сынды қала, ауылдар бар. Осы өңірлерден Астана қаласына келіп жұмыс істейтін азаматтар да аз емес. Кейбір деректерде жарты миллионға жуық адам қала төңірегіндегі елді мекендерден қалаға келіп жұмыс істейді деген ақпарат та айтылады.

Бас қала төңірегіндегі тұрғындардың ауылда тұрып, қалаға келіп жұмыс істеуіне, бастысы, қаладағы қымбатшылық пен ауылдағы жұмыстың жоғы себеп болып отырғанын айта кеткен жөн. Әсіресе Астанада үй бағасы өте жоғары болғандықтан, қала жағалап күн көргісі келетін кейбір азаматтар елорда төңірегіндегі елді мекендерден жер алып, үй салды. Бұл, Астанамен қоса, бас қала төңірегіндегі елді мекендердің жан саны күрт артып, түтін санының жылдам көбеюіне мұрындық болды. Мәселен, 1997 жылы ел астанасы Алматыдан Ақмолаға көшкен кезде, қазір құжынаған ауылға айналған Қоянды, Үркер, Талапкер аумақтары иен жатқан құла тұз болса, 30 жылға жетпейтін уақытта үлкен елді мекенге айналды. Демек, Арқа төсінен астана салу Есілдің жағасындағы орда түскен орталық қаланы ғана емес, төңірегіндегі ауылдардың тең өсуіне, орыстанған өлкенің қандасқа толып, қазақылануына да серпін берді. Дегенмен Астана төңірегіндегі елді мекендердің жай-күйі қалай? «Шамның түбі қараңғы» дегендей, «Астанаға тиіп тұрғанмен, не Астананың, не облыс-ауданның тиімді саясатынан игіліктеме алмай арада қалып жатқан жоқ па?» деген мәселені санаға салып салмақтасақ, бас қала төңірегіндегі ауылдарда қордаланған біраз мәселенің беті ашылатыны анық.

Оның үстіне, Арқа төсінен астана салып, оны азық-түлікпен қамтамасыз ету үшін арнаулы азық-түлік белдеуін құрғаны-

мызбен, әлі күнге дейін Астана төңірегіндегі елді мекендерді тиімді пайдалана алмай келеміз. Қала төңірегіндегі ауылдардың қалаға жақындығынан басқа артықшылығы жоқ. Не өз тұрғындарын жұмыспен қамтамасыз ете алмайды, не Астананы азық-түлікпен қамтамасыз етуге септігі тимейтін «елордаға жақын, облыстан алыс» елеусіз жатқан аймаққа айналған. Бұл өңірлерде жарық, су, жылу мәселесінің үйлесімді шешілуі де Астанаға өз әсерін көрсетуде. Атап айтқанда, қыс мезгілінде бас қаланы көк түтіннің басып қалуына және қаладағы кептелістің көбеюіне қала төңірегіндегі ауылдар да үлкен үлес қосып жатыр.

2019 жылы жасалған «Нұр-Сұлтан қаласына іргелес елді мекендерді әлеуметтік-экономикалық дамытудың 2023 жылға дейінгі кешенді жоспары» да керемет болды деп айта алмаймыз. Ол да басы бар, аяғы жоқ жұмысқа айналып бара жатқандай. Демек, Есілдің жағасынан әсем елорда салдық деп мақтанғанмызбен, Астанадан алты аттап шықсаң, тозған ауыл, күйі кеткен елді мекен тұрса, ол да елдімізге сын. Жақында Президент ауылдарды дамытуға тапсырма берді, яғни алдағы уақытта ауылдарды дамытуға 1 триллион теңге қаржы бөлінбек. Біз осы мүмкіндіктен Астана төңірегіндегі ауылдар да қалып қалмаса дейміз.

Астана төңірегінде көкөніс өсіруге, жьльжай салуға ыңғайлы жер көп. Бірақ Астана сол мүмкіндікті толық пайдалана алмайды. Жазғытұрым көміп тастап, күзде қазып, дағар-дағар өнім алуға болатын картоптың өзін жан-жақтан, көршілес облыстардан тасимыз. 1,5 миллионға жуық халық тұратын ірі қаланың іргесінде ірі мал базары да жоқ. Бұл қала төңірегіндегі шаруалардың малын сатуына қолайсыздық туғызып қана қоймай, ет, сүт өнімдері бағасының күнде құбылып, көтерілуіне мұрындық болып отыр.

Өткен жылы тамыз айында Ауыл шаруашылығы министрлігі 2025 жылға дейін Астана қаласының айналасында азық-



Астананың мығым азық-түлік белдеуін дамыту жұмысымен тығыз ұштастырылуы керек. Астана төңірегіндегі ауылдардың мәселесі шешілмесе, Астананың да адымы ашылмайды. Шаһар үлкейіп, тұрғындар саны артқан сайын азық-түлікпен, сумен, жылумен және жарықпен қамтамасыз ету ісі де қиындай түседі

түлік белдеуін құру аясында АӨК саласына 625,7 млрд теңге бағытталатынын мәлім еткен еді. Сондай-ақ Ауыл шаруашылығы министрі «Қуаттылығы жылына 10000 тонна көкөніс болатын 2 жьльжай кешенінің құрылысы аяқталуға жақын» деп жариялап, мұның барлығы маусымаралық кезеңде ауыл шаруашылығы өнімдері тапшылығының орнын толтыруға және елордалық базарларда бағаны тұрақтандыруға, сондай-ақ 2 мыңнан астам жұмыс орнын құруға мүмкіндік береді деген болатын. Содан бері жарты жыл уақыт өтті, жьльжайдан хабар жоқ, баға да тұрақтала қойған жоқ. Бұл нені түсіндіреді? Бұл Үкіметтің, министрліктің Астананы қамтамасыз ететін азық-түлік белдеуін құру ісінде әлі де олқылықтар бар екенін, көп айтылғанмен, нақты шешім қабылданбай жатқанын көрсетеді.

Біздіңше, Астананың мығым

P.S: Астана өркендеуі үшін төңірегтегі ауылдар да дамуы керек. Арқаның сары жазығының бәрін егіс алқабына айналдыра бермей, оған экономикалық дақылдар өсірудің де жолын іздеген дұрыс. Ал қаланы мал өнімдерімен қамтамасыз етудің бір тәсілі ретінде Астананың іргесінен еліміздегі ең ірі мал базарын салу қажет.

азық-түлік белдеуін құру ісі ауылдарды дамыту жұмысымен тығыз ұштастырылуы керек. Астана төңірегіндегі ауылдардың мәселесі шешілмесе, Астананың да адымы ашылмайды. Шаһар үлкейіп, тұрғындар саны артқан сайын азық-түлікпен, сумен, жылумен және жарықпен қамтамасыз ету ісі де қиындай түседі. Астана басқа қала, аудандардан алыс болғандықтан, қажетті өнімнің бәрін сырттан тасу мүмкін емес, сырттан тасығанмен, бағасы көтеріліп, тұрғындардың қалтасына үлкен салмақ болады. Мұны шешудің бірден-бір жолы – Астана төңірегіндегі азық-түлік өндірісін дамыту.

Елорда төңірегіндегі елді мекендердің шаруашылығын шалқыту үшін бұл өңірлердегі шаруашылық жүйесіне үлкен реттеу жүргізу керек. Өйткені елорда төңірегіндегі барлық жердің иесі бар, оның көбін арқасын Астанаға, аяғын ауылға қарай көсілген алпауыттар алып алған. Егістік жерлердің көбі Nurbank сияқты қаржысы көп компанияларға тәуелді. Олар трактор жүре алатын бос жерлердің барлығын ашып, ауылдың іргесіне дейін егін алқабына айналдырып тастады да, мал бағып күн көріп отырған ауыл тұрғындарының жағдайы барған сайын қиындап барады. Оның үстіне, шаруалардың жем-шөп базасы жоқ болғандықтан, түліктің бәрі 6 ай қыс қолға қарайтын Арқада мал бағу өте қиын. Соның әсерінен ауыл тұрғындарының қолындағы бірер малын да сатып, құтылуға мәжбүр. Бұл өз кезегінде бас қалада сүт, ет өнімдерінің тапшылығын туғыза бастады.

Тағы бір айта кететін мәселе, ауыл шаруашылығын дамытуға арналған қосымша қаражат ең негізгі өндіруші шаруалардың қолына тимей отыр. Себебі біздің билік ондай майда-шүidede назар аударып отырған жоқ, «Жаңбыр тамшыдан құралады» дегендей, шаруаларға қолдау көрсетілсе, «екі жеп биге шығуға болатынын» біздің экономистер ескермейді де, көбінде аузынан ақ май аққан алпауыт компаниялардың артынан жүгіреді. Мәселен, өткен жылдары Үкімет бағаны тұрақтандыру үшін бөлінген қаржыны нағыз өндірушінің қолына тигізбей, оның қызығын Magnum сияқты сауда орындары көрді. Біздіңше, бұл тәсілмен бағаны билік есқашан реттей алмайды. Сондықтан ауылды дамытамыз, Астананы азық-түлікпен қамтамасыз етеміз десек, ең әуелі, ауылдың шаруашылық жүйесіне қарай қолдау көрсетуді қолға алу керек. Шаруаларды отбасылық жьльжай кезеңде ауыл шаруашылығы өнімдері тапшылығының орнын толтыруға және елордалық базарларда бағаны тұрақтандыруға, сондай-ақ 2 мыңнан астам жұмыс орнын құруға мүмкіндік береді деген болатын. Содан бері жарты жыл уақыт өтті, жьльжайдан хабар жоқ, баға да тұрақтала қойған жоқ. Бұл нені түсіндіреді? Бұл Үкіметтің, министрліктің Астананы қамтамасыз ететін азық-түлік белдеуін құру ісінде әлі де олқылықтар бар екенін, көп айтылғанмен, нақты шешім қабылданбай жатқанын көрсетеді.

Біздіңше, Астананың мығым

Гүлшат
САПАРҚЫЗЫ

Жалпы адамға таңдалған есім болашақты таңдаумен бірдей. Яғни ата-анасы жауапкершілікті сезіне білуі керек. Себебі көпбалалы отбасыларда немесе ұлды зарыға күтіп жүрген бірнеше қыз баланың ата-анасы аса қатты мән бере бермейді. Ал ес біле бастаған балаға есімнің мағынасын түсіндіріп, санасына сіңіре беру керек. Бұрын ата-әжелеріміз немерелеріне ерінбей айтып отыратын. «Атыңа лайық бол» деп оның бойына есіміне сай қасиеттерді сіңіріп, жақсы қабілетін жетілдіретін. Қазір түсініксіз есімдер көп. Ал есімнің түсініксіз болуы баланың өзіне деген сенімін жоғалтады. Мысалы, Арман, Аңсар, Аян деген есім қазақтарда ауыр ат болып есептеледі. Соны үйде дастарқан басында баланың есіне сала берсе, ол болашақта ауыр тағдыр күтіп тұрғанын болжап қояды. Алдында кездескен қиындықтарды да тағдырынан көріп тұрады деген түсінік қалыптасқан. Бірақ өкінішке қарай, «Қазаншының еркі бар, қайдан құлақ шығарса» дейді қазақ мәтелі. Саясатқа, идеологияға еліктеген жандар былай деп ат қойғанын естідік: Октябрь, Саясат, Жигули, Олимпбек, Комсомол, Советхан, Съезд, Экспо, Атазаң, Елбасы, Нұротан, Нұрлыжол, Астана, Қазақстан, Ақорда, Теңге, Шырша, Окилхон, Бриллиант, Сатира, Анзор, Гимн, Социалхан, Коронавирус, Аттерис, Шашты, Орындық.

«Ислам діні балаға мағынасы дұрыс, естір құлаққа жағымды, көркем ат қоюға шақырады. Балаға есім беру – аса жауапкершілікті талап ететін іс. Тышқан, Коронавирус сынды есімдер мағынасы жақсы болмағандықтан, басқа есімдер қойған дұрыс. Пайғамбарымыз (Оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) өз сөзінде: «Баланың әкесіндегі ақысы үшеу: дүниеге келгенде әдемі есім қою, ақылы кіргенде Кітапты (дінді) үйрету және ер жеткенде үйлендіру» дейді. Сондықтан өзара ақылдасып, бірауыздан келісіп, балаға әдемі ат таңдаған жақсы болады» дейді Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының баспасөз қызметі.

Әрине, баласы тұрмаған жағдайда, халқымыз әртүрлі ырымдар жасаған. Ондайда баланы үш немесе жеті кемпірдің аяғының ортасынан өткізіп, Үшкөмпір, Жетікөмпір деген есімдерді қояды. 52 жасына дейін баласы тоқтамаған Кенен атамсыз қызы дүниеге келгенде, төрт кемпір мен бір шалдың екі аяғының арасынан өткізіп, атын Төрт кемпір, бір шал деп қойған. Кейін оны Төрткен деп өзгерткен. Бұл рәсім ғұмыры ұзақ болсын деген ниеттен туған. Бір ырымда баланың жолдасын киізге қосып тігеді. Оны шаңырақтың кілдіреуішіне іліп қойған. Балақайдың жасы жетіге келгенде садақа беріп, жолдасын ұлы жолдың бойына тастаған. Мұндай қиын жағдайлардан шығудың тағы бір жолы – балаға ыңғайсыз есімдер қою: Боқтыбай, Шұлғаубай, Итбай, Түлкібай, Қасқырбай, Бүркіт, Қоянбай, Тышқан, Жолбарыс, және т. б. Сондай-ақ, қазақ баласы тұрмаған отбасындағы сәбиге орысша, басқа шетелдік есімдерді қоятын болған, мысалы, Сергей, Света, Дамир, Ольга, Нина, Венера, Шмидт, тағысын тағылар.

ЕРЕКШЕ ЕСІМДЕР ҚАЗАҚҚА ЖАРАСА МА?

Дархан даланың қазағы үшін баланың өмірге келуі мен оған азан шақырып, ат қоюдан артық қуаныш жоқ. Сүйіншілеген ағайынға астындағы жалғыз атын сыйлайтын да, аста-төк дастарқан жайып, той жасайтын да өзіміздің қаракөздер. Сәбиге ат, есім ойлап табарда да таласып, жанталасатын да қазақтар. Рас болса, психологтар адамның тағдыры атына сай қалыптасады дейді. Бұл балаға ат қоюда есімнің мағынасы туралы дұрыстап ойластыру керегін аңғартады.



Егер адам есімін сұраған кезде анық, дауыстап, мақтанышпен айтса, оны есімін қабылдаған адамдар қатарына жатқызамыз. Егер күмілжіп, сенімсіз түрде айтса, өз атын қабылдамағаны. Өйткені олар өзіне есім қойған адамды жек көреді. Сондықтан өсе келе есімін өзгертеді.

Айқарагөзайымсұлу деп ұзыннан-ұзақ шұбатылған есімді де қоятын өзіміздің қандастар. Екі есімді бірдей арқалап жүретін адамдар, яғни азан шақырып қойған аты бөлек,



Ұлттық статистика бюросы 2022 жылғы сәбилерге қойылған ең танымал есімдер ондығын ұсынды. Олар: Әлихан, Алдияр, Омар, Алан, Әли, Нұрислам, Айсұлтан, Әмір, Рамазан, Мухаммад, Медина, Асылым, Раяна, Айша, Томирис, Айым, Аяла, Айлин, Сафия, Әмина

отбасында басқаша есіммен аталатын балалар еркелікке жақын болады. Олар өз ойын еркін жеткізеді. Мысалы, Шыңғыс сұлтан Шоқан өмірге келгенде, әрі ақын, әрі батыр болсын деп есімін Мұхаммед-Қанапия қойған, бірақ елге Шоқан есімімен танылды.

«Табиғатында кез келген бала тоғыз-он жасында атына мән беріп, неге аты солай қойылғанын зерттей бастайды» дейді психолог.

ШАРИҒАТ НЕ ДЕЙДІ?

Ислам діні балаға мағынасы дұрыс, естір құлаққа жағымды, көркем ат қоюға шақырады. Сондықтан балаға есім беру – аса жауапкершілікті талап ететін іс.

«Сіздер қиямет күні өз есіміңізбен және әкелеріңіздің есімімен шақырыласыздар. Сондықтан есімдеріңізді көркемденіңдер». «Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) бұл өсиетінде бізді жақсы іске бағыттап, көркем есімдер қоюға шақырды» дейді Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының шарият және пәтуа бөлімі.

ТАҒДЫРҒА ӘСЕР ЕТЕТІНІ РАС ПА?

Шарият бойынша адам есімі тағдырын өзгертіп жібермейді. Адам баласының есімі өзіне, өміріне әсер етуі мүмкін. Хадисте ибн Мусаяб әкесіне жеткізеді, әкесі Алла елшісіне келгенде, Алла елшісі: «Атың кім?» деп сұрады. Ол: «Хазан (қиыншылық)» деп жауап берді. Алла елшісі: «Сен Сәһл (жеңіл) деген есімді ал» деді. Ол: «Әкем қойған есімді өзгертпеймін» деді. Ибн Мусаяб: «сол сәттен бері бізде қиыншылық жалғасын тапты» дейді. Хадис түсіндірмесінде әкесінің мінезі ауыр болған делінеді.

Алла елшісі (Оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) жағымсыз есімді жақсы есімге ауыстыратын еді. Сондықтан да адам баласының есімі жақсы, жаман, қатал-жұмсақ мінезді болуына әсері бар.

ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ПІКІРЛЕР

Ислам шарияты бойынша жаңа туған баланың құлағына азан шақырып ат қою рәсімі – сүннет. Шарият бойынша

нәрестенің оң құлағына азан, сол құлағына қамат айтылады. Имам Әбу Дәуіт пен имам Тирмизи келтірген хадисте: «Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) қызы Фатима Хасанды босанған кезінде оның құлағына намазға азан айтқандай азан айтқан». «Сондай-ақ, тағы бір хадисте: «Кімнің баласы туғанда, оның оң құлағына азан айтты, сол құлағына қамат айтса, ол нәрестеге «умму сибьян» (сәбиді ауру ететін жел немесе жынның кесірі) әсер етпейтін болады» деп айтылған. Сондықтан заман өзгерсе де, шарияттың сара жолы өзгеріске түспейді. Олай болса балаға ат қоярда бірнеше жайтты ескерген жөн:

Біріншісі, балаға қойылып жатқан есім Алладан басқаға құлшылық етуді білдіретін болмауы керек. Өйткені мұндай мағынаны білдіретін есімдер ол адамды өзгелердің алдында төмен қылып көрсетуі ықтимал. Алайда ол Алладан өзгеге табынуды емес, қызмет ету, бағыну мағынасын білдірсе, шариятымызда ондай есімді қоюға рұқсат береді. Бұлай деуіміздің мәні араб тілінде «абд» (құл) сөзі «жаратылған» және «бас иелігі жоқ, құл» деген мағыналарды қамтиды. Мысалы: Абдулла, Абдурахман секілді есімдер «Алланың жаратқаны» деген мағынада болса, ал Абдулмутталиб сияқты есімдер Мутталибтің қызметшісі, құлы деген мағынаға келеді.

Екіншісі, есімнің тек Аллаға ғана тән болмауы шарт. Мысалы: Алла, ар-Рахим, ар-Рахман, әл-Жәббар секілді есімдер. Ендеше жоғарыда айтылған Алла Тағаланың көркем есімдерімен Алладан өзге ешкім аталмайды. Осыған байланысты бір кісіге алақпап тағылғанда немесе балаға ат қойылғанда осы іспеттес аттарды қоюға болмайды. Шариятта Алланы басқамен ортақ ететін мұндай істерге



Елімізде Қазақстан және Тәуелсіздік есімді балалар бар екен. Ал Отан есімді 23 бала болса, Елбасы есімі 35 балаға қойылған. Астана есімі 10 балаға берілсе, 13 бала Теңге есімін алған. 11 адамның есімі Нұрлыжол, 9 адамның аты Нұротан және Бәйтерек есімді 53 адам бар. Тағы үш адам Мәңгілік және екі Ақорда бар екен. Қазақстанда бір адамның есімі Атазаң екен

тыйым салынады. Сонымен қатар Иса Мәсіх, Расулулла, Нәбиулла секілді аттар адамдар арасындағы ғұрып бойынша айтылуы мен естілуі жағынан тек осы есімдермен шынайы аталатындар, яғни тек Исаның етілетіні қалыптасып қалған. Сондықтан осындай мағынаны білдіретін есімдерді де балаға қоюға рұқсат етілмейді.

Үшіншісі, есімнің мағынасы жаман немесе айтқанда, естігенде сөгіс, балағат сөздерді меңзейтін болмауы керек. Ұлы ғалым әл-Хаттаби «Маалимус-сунан» атты кітабында: «Ең ұнамсыз есім – Харб (соғыс) деген есім. Өйткені бұл есім жамандық пен қиындық деген мағынаны білдіреді. Сол секілді

Мурра (ашы) деген ұнамсыздық пен ашылық мағынасын береді. Сондай-ақ, адамға ит, сиыр секілді жануарлардың әрі қорлау мағынасында қолданылатын аттарды қоюға тыйым салынады.

Ұлттық статистика бюросы 2022 жылы сәбилерге қойылған ең танымал есімдер ондығын ұсынды. Олар: Әлихан, Алдияр, Омар, Алан, Әли, Нұрислам, Айсұлтан, Әмір, Рамазан, Мухаммад, Медина, Асылым, Раяна, Айша, Томирис, Айым, Аяла, Айлин, Сафия, Әмина.

Тәуелсіздік жылдарында 1991 жылдың 16 желтоқсанынан 2016 жылдың 6 желтоқсанына дейін 31810 адамға Нұрсұлтан деген есім берілген. Ал Қазақстанның бірінші ханымының есімі Сара 3512 қызға берілген. Елімізде Қазақстан және Тәуелсіздік есімді балалар бар екен. Ал Отан есімді 23 бала болса, Елбасы есімі 35 балаға қойылған. Астана есімі 10 балаға берілсе, 13 бала Теңге есімін алған. 11 адамның есімі Нұрлыжол, 9 адамның аты Нұротан және Бәйтерек есімді 53 адам бар. Тағы үш адам Мәңгілік және екі Ақорда бар екен. Қазақстанда бір адамның есімі Атазаң екен.

«Тәуелсіздік жылдары туған балалардың саны 2014 жылға – 399 мың бала, 2015 жылға – 398 мың және 2013 жылға – 387 мың бала. 1999 жылы балалар дүниеге аз келген» делінген Статистика комитетінің мәліметінде.

Қазақ есімдерінің лингвистикалық табиғатын ғылыми тұрғыдан саралап, теориялық негізінің қалыптасуына Телғожа Жанұзақов ерекше еңбек сіңірген ғалым. «Қазақ тіліндегі кісі есімдері» тақырыбы бойынша 1961 жылы І.Кеңесбаевтың жетекшілігімен кандидаттық диссертация қорғады. Сол еңбектің негізінде «Қазақ тіліндегі жалқы есімдер» атты студенттерге арналған оқу құралы жарық көрді. 1971 жылы «Қазақ есімдерінің тарихы» атты монографиясын жариялады.

1988 жылы К.Еспаевамен бірлесіп, он мыңға жуық жиі қолданылатын кісі аттарын қамтыған «Қазақ есімдері» атты сөздігін жариялады. Бұл сөздікте ер мен әйел есімдері жеке тізіліп, тек есімдер ғана емес, әке аттары мен фамилияларының қазақша, орысша жазылу нұсқалары да көрсетілді. Ең бастысы, бұл еңбек қалың көпшілікпен қатар, Азаматтық хал актілерін тіркеу органдары мен паспорт орындарына, ауылдық, селолық, қалалық, облыстық әкімдіктерге, бұқаралық ақпарат пен мектеп оқушыларына арналып еді. Қоғам өмірінің ауқымды бөлігін қамтыған бұл еңбектің негізгі мақсатын түсіне отырып, оны патриот ғалымның ішкі жан шырылы деп те, ауруды дәл табатын тамыршы деп те бағалауға болады. Идеологияның бет қаратпай тұрған тұсында, ол үнсіз дайындалып, мәселенің ын-шыңсыз шешілуіне, яғни ресми мекемелерде біршама қиындықтардың жеңілдеп, істің оңға қадам басуына ықпал етті. Ең бастысы, ресми мекемелерге қазақ есімдерінің артында іздеушісі барын сезіндірді.

ТҮЙІН

Балаға ат қоярда ересектер оған аса жауапкершілікпен, есімнің мағынасы туралы дұрыстап ойластыру керегін аңғартады. Әрбір бала – мемлекеттің байлығы, болашағы. Есімді ерекшелеймін, әсірелеймін деп баланың тағдырымен ойнауға өлең болмайды.

АҒАЛЫ-ІНІЛДЕЙ ҚОС БАТЫР

Мен жазғалы отырған екі кейіпкерім бір өңірде туып, бірі Ақмола қаласында (қазіргі Астана) оқыса, екіншісі осы қаладан Отан қорғауға аттаныпты. Бірі – Ақкөл ауданының тумасы, екіншісі қазіргі Аршалы ауданынан. Бірі сыртқы жаудан елін, жерін қорғаса, екіншісі – кеңестік қитұрқы саясаттан, бес облысты бөлуден аман алып қалған батыр. Олар – аса қадірлі, халқының сүйіктісіне айналған Сағадат Нұрмағамбетов пен Жұмабек Тәшенев. Бұл азаматтар туралы көп жазылды, әлі де жазыла береді деп ойлаймын. Өйткені осы кісілердің ерлігі – көпке үлгі, жастарды отансүйгіштікке, патриоттыққа тәрбиелеуге өте қажет.



Жұмабек Ахметұлының өткен ғасырдың екінші жартысында еліміздің бес облысын солтүстік көршімізге беру туралы әпербақан бастама көтерген Никита Хрущевтің бетін қайтарғаны, оңтүстіктің біраз жерін өзбек ағайындарға беруге қарсы шыққаны, орталық қазақ тілді газетіміздің орыс тілді газетінің аудармасы ғана болуына тойтарыс бергені және т. б. ұлтының мүддесі үшін ерен ерлік жасағаны жөнінде көп жазылды. Қойгелді орта мектебінің бір кездегі шәкірті Дарига Дәулетбай былай деп жырға қосады:

*Қазақтың ұлан-байтақ даласына,
Көз алартқан дұшпанның қарсына,
Тайсалмай жалғыз өзі төтеп берген
Жұмабек Тәшенев – шын дара тұлға.*

Осы дара тұлға жерлесіміз әлі қазақ тарихынан өзіне лайықты орнын ала алмай жүр. Бейбіт күннің батыры өзіне тән мемлекеттік марапатқа ие бола алмай отыр. Қазақ елінің шамасы төрттен бір бөлігін сақтап қалуға көзсіз ерлік жасап, лауазымды қызметін құрбан еткен Жұмабек Ахметұлы Халық қаһарманына лайық шығар деп ойлаймын. Екінші мәселе өзі сақтап қалған бес облыстан бір ауданның аты бұйырса дұрыс болар еді. Оған өзі туып өскен Аршалы ауданы сұранып тұр. Соңғы жылдары Қарағандыда Бөкейхановтың, Қостанайда Майлиннің, Алматы облысында өзімен қатарлас қызметтес болған Қонаевтың есімі берілді ғой. Үкімет осы мәселені оң шешеді-ау деген үміттеміз. Осы аталған мәселелер 2025 жылы өтетін ол кісінің 110 жылдығына дейін шешілсе құба-құп болар еді. Бұл кісінің отансүйгіштік қасиеті мектеп оқулықтарына енгізілсе дұрыс болар еді. Осы мәселелер қалалық Ардагерлер кеңесінде болған әңгімеде де қолдау тапты.

Ал екінші батырымыз Сағадат Нұрмағамбетов он сегіз жасында әскери училищені бітіріп, 1943 жылы соғысқа кіреді. 1945 жылы взвод командирі, одан атқыштар батальонының командирі болып тағайындалды. Краснодар өлкесін, Украинаны, Молдавияны, Белоруссияны, Польшаны азат етуге қатысады. 1945 жылдың 27 ақпанында әскери тапсырманы асқан батылдықпен орындағаны үшін жиырмадан енді асқан Сағадат ағамызға Кеңес Одағының Батыры атағы беріліп, кеудесіне «Алтын Жұлдыз» белгісі тағылады. Содан әскери оқуы, қызметі жалғасып кете барады. Еліміз егемендік алғаннан кейін №1 Халық қаһарманы атағына ие болып, тұңғыш Қорғаныс министрі ретінде Қазақстан әскерінің іргетасын қалаушылардың бірі емес, бірегейі ретінде қажырлы еңбек өтеді. Онымен қоса, бұл ағамыз – қазақ еліндегі алғашқы армия генералы.

Осы екі ағамызды қысқаша сипаттай келе ақмолалық батырлар қандай қарым-қатынаста болды деген заңды сұрақ туады. Осы мәселеге байланысты бір-екі мысал келтіре кетейін. Сағадат Қожахметұлы 1945 жылдың қазан айында

Берлиннен Петропавлға пойызбен келе жатып, бірінші рет Жұмабек Ахметұлымен кездеседі. Жұмабек қазақи дәстүрмен қай елден, қай жерлерде соғысқанын, қайда бара жатқанын сұрап, кеудесіндегі «Алтын Жұлдыз» көріп шын қуанғанын сезіреді. Осы жолы Жұмабек Сағадат жерлесін әрі інісін үйіне шақырып, қонақ қылып жібереді. Екеуінің жас айырмашылығы – 9 жас. Алла жазса, Сағадат ағамыздың туғанына 2024 жылы 100 жыл толады. Осы бағытта Ақкөл ауданының Еңбек ауылында «Ердің атына елі сай болсын» деген айдармен бұдан үш-төрт жыл бұрын бағдарлама жасалып, іске асып жатыр. Қысқаша айтқанда, автобанның бойына билборд қойылды, облыстық бюджеттен қаржы бөлініп, мектеп пен мәдениет үйі күрделі жөндеуден өтті, музей ашылды. Автобаннан ауылға дейінгі жол жөнделді, орталық көшеге жарық берілді, т. б. игі істер атқарылып жатыр. Ендігі басты шаруа – ол кісінің атындағы көшені абаттандыру және ескерткіш орнату. Осы соңғы мәселе бойынша Қорғаныс министрі Р.Жақсылықовтың қабылдауында болдым. Ол кісі бұл мәселені қолдап, еліне ескерткіш орнатып береміз деп уәдесін беріп, менің көзімше қызметкерлеріне нақты тапсырмалар берді. Орындалатынына үмітім бар.

Жұмабекпен екінші рет 1959 жылы Мәскеуде өткен КОКП-ның XXI съезінде кездесті. Қонақүйде Сағадат ағамыз, ол кезде Түрікмен Республикасында еңбек етіп жүріп, Қазақстаннан съезге қалай делегат болғанын Жұмабекке жеткізеді. Сонда Жұмабек Тәшенев былай деп жауап беріпті: «Орта Азия әскери округіне Қазақстан да жатады. Біздің делегаттарда бір әскери адам болу керек. Сіздің кандидатураныңды мен ұсындым, Орталық Комитет қолдады». Бірде Жұмабек Сағадаттың Алматыда әскери парадты жақсы өткізгеніне ризашылығын білдіреді.

Сағадат ағамыз да өзінің «Халықтың қайсар азаматы» еңбегінде Жұмабек жерлесінің жоғары дәрежелі лауазымды қызметінде жүргендегі ұлты үшін, жері үшін қайсарлығын мақтанышпен еске алады. Атақты композитор Шәмші Қалдаяқов «Менің Қазақстаным» әнінің тың өлкесін сақтап қалудағы Жұмабек Тәшеневтің батылдық қадамын қолдау ретінде шыққанын еске алады. Екі батыр да о дүниелік болды. Олардың ісін жалғастыратын ұрпақ тәрбиелеуіміз керек. Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Сенаттың соңғы мәжілісінде сөйлеген сөзінде «тәуелсіздігімізді сақтау және нығайту аса маңызды екенін тағы да еске саламын. Бұл – халқымыздың басты құндылығы» деген болатын. Ол үшін халықты, оның ішінде жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеу – беріміздің басты парызымыз.

**Еркін ДӘУЕШОВ,
ардагер ұстаз, Астана қаласы
Ардагерлер кеңесінің мүшесі**



НАУРЫЗ – ІЗГІЛІК МЕРЕКЕСІ



Еліміз тәуелсіздік алғаннан бері әр салада жасампаздық өріс алуда. Тек мерекелер емес, қоғам дамуының әр бағытында айтарлықтай оң өзгерістер мен көкейге қонымды даму үрдісі қалыптасты. Мемлекет басшысының Жаңа Қазақстан құру жолында барынша әділетті, ашық қоғам салтанат құрып, халық игілігіне арналған түрлі игі шараның жүзеге асуына баса бағыт беруі күн санап жағымды жаңалыққа ұласуда.

Жыл басы саналатын наурыз айы көп ұлттың ортақ Отанына айналған қазақ елінде «Мейірімділік» күнімен басталып, көктем мезгілінің бастауы – жаратылыстың нәзік өкілі әйел-аналар мерекесімен жалғасады. Одан бері аумағы жағынан әлем бойынша тоғызыншы орынды иемденетін жер көлемі байтақ, көңілі дархан қазақ елі сонау батыстан бастау алып, шығысқа бет алған Аман мерекесі – Көріс күнін атап өтіп, жұртшылық бір-біріне, үлкен-кіші: ұлы әкесіне, қызы анасына, шәкірті ұстазына, әріптестер бір-біріне жылы сөзін арнап, мәре-сәре күйі кешеді. Бұл да бейбіт өмірдің көрінісі.

Көріс күні ресми мейрам ретінде мойындалмаса да, батыс жұртшылығы асыға күтетін және қазіргі таңда

– көне мейрам. Оны тойлау дәстүрі дүние жүзі халықтары көпшілігінің тұрмыс-салтында бағзы замандардан орын алған. Осындай көне мерекенің жаңаша сипат алуы тәуелсіз Қазақстанның жерінде жасампаздық пен жанашылдықтың салтанат құруы деп білеміз.

Шын мәнінде, Наурыз – жыл басы. Наурыз – жаңару, ізгілік мерекесі. Дәстүрлі қазақ қоғамында Ұлыс күні жыл басы саналған. Соңғы рет 1926 жылы тойланған Наурыз мейрамы Қазақстанда 1990 жылдардың басында қайтадан ресми түрде атала бастады. 2001 жылы Наурыз мейрамы мемлекеттік мереке ретінде жарияланды.

Әр мерекенің түп төркіні, шығу тарихы бар. Наурыз мейрамында



ел өңірлерінде дәстүрге айналып үлгерген осы Аман мерекесінің мәні зор. Ынтымақ пен бірлікке, татулық пен кешірімге шақыратын әр күннің қазақ халқы үшін маңызы зор. Бейбіт өмірді қалайтын халық Жаңа Қазақстанның болашағынан тек жарқын өмір, жағымды өзгерістерді күтеді және соны бір-біріне жүрек үнімен жеткізіп жатады.

Адамға тән сыйластық, мейірім, бауырмалдық, құрмет көрсету, дәстүрге берік болу, ұлттық салтты дәріптеу үшін заң қабылдаудың қажеті жоқ. Бұл – адамдар арасындағы өзара ынтымақты арттыруға бағытталған ізгі қарым-қатынас. Осы орайда Наурыз мерекесінің дәріп айтарлықтай болмақ. Ендеше Наурыз – ұлық мереке, ұлыс мерекесі. Ұлт барда – ұлыс бар.

Тарихқа көз жүгіртсек, Наурыз

адамдар бір-біріне «Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын!», «Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мейрамы қуанышқа толы болсын!» деген ақжарма тілегін айтып, ізгі лебізін білдіріп жатады. Осы айтылып жүрген «Ұлыс» сөзінің мағынасына мән беру де көпшіліктің танымдық деңгейін арттыра түсері хақ.

«Ұлыс» – ежелгі түркі сөзі. Түрік-моңғол тілдес елдерде «Ұлыс» деп мемлекетті айтады екен. Яғни бұл сөз тіркесі «22 наурыз – мемлекеттің ең басты мерекесі» дегенді білдірсе керек. Сонда «Ұлыстың ұлы күні» мемлекеттің ұлы мерекесі дегенді білдіріп тұр десе болмайды.

«Ұлыс» – қазақ халқы үшін қасиетті сөз, мағынасы өте кең. «Ұлыс» біздің қазақы ұғымда да халық, ел дегенді білдіреді. Наурыз мерекесінде айтылу себебі, еліміздің ең айтулы

күні деген түсінікте қалыптасқан. Ұлыстың ұлы күні – тек мейрам ғана емес, тіршіліктің бастауы. Біз көшпелі өмір сүрген халықпыз. Сол себепті ата-бабаларымыз қыстан аман шығуды, мал-жанның аман болуын тілеген.

«Ұлыс» сөзінің «ұлы іс» дегендей тағы бір мағынасы бар. Яғни Ұлыстың ұлы күні дегеніміз – ұлы істердің бастау алатын сәті. Сол себепті бұл сөз тек Наурыз мерекесімен байланысты қолданылады. Деректерде «Ұлыс» сөзінің екінші мағынасы «бірігу» дегенді білдіреді. Ұлыстың ұлы күні қазақ даласында екі рет тойланады. Мұның себебі, бұл айдың күнтізбесі бойынша жыл басындағы ілкі айдың 14-інде ай толып, жаңасы басталады. Міне, дәл осы күні аспан денелері өзінің бастапқы нүктесіне келіп, бір цикл аяқталып, жаңасы басталады. Қазақстанның батыс өлкесіндегі қазақтар Ұлыстың ұлы күнін наурыз айының 14-інен бастап мерекелеп келеді. Бұл әлі күнге дейін дәстүрден қалған жоқ. Екіншіден, «Күн» күнтізбесі бойынша Ұлыстың ұлы күні, яғни жаңа жылды тойлау осы айдың 22-сіне сәйкес келеді. Наурыз – біздің тілімізге орта ғасырдың ішінде енген кірме сөз. «Ұлыс» сөзінің ежелгі мағынасы көп мәнге, мифтік болмысқа ие екеніне көз жеткізуге болады.

Ұлыстың ұлы күні – бабалардан жеткен мұрамыздың мәйегі, өткеннен жеткен болмысымыздың жалғасы, болашаққа деген ұлы мұратымыздың жолы. Ұлыстың ұлы күнінің мерейі мен шапағаты – барша жұртқа қуаныш сыйлап, жақсылыққа ниет еткен күн. Сондықтан «Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын!», «Ұлыс береке әкелсін!» деген сөздер халық арасында осы күнге дейін қолданылады. Осындай ұлағатты сөздерді қолдану, жас ұрпақтың есіне салып отыру үлкендердің парызы болмақ.

Ендеше тәуелсіз еліміз Жаңа Қазақстан құру жолында игілікті іс атқаруға барынша жұмылуға десек болмайды. Мемлекет басшысының назарындағы халық көкейіне қонымды жаңа бағытта жасалып жатқан іс-шараларды Астана қаласының Ардагерлер кеңесі барынша қолдайды.

Біздің төріміздегі қазіргі ардагер аға ұрпақтың, абзал жан қариялардың бала күнінде аналары үй ішін жуып, тазалап, ауланы да ретке келтіріп қоятыны есіңде. Бұл дәстүр қазір заманауи бағытта қаланы көркейтуді, абаттандыру, ауланы тазалау, саябақтар санын арттыру, гүлзар бақтарды көбейту мақсатында жүзеге асуда. Осындай ізгілікті істерден Астана қаласы Ардагерлер кеңесінің әр мүшесі қалыс қалмайды.

**Маржан ПІРІМБЕТОВА,
ҚР білім беру ісінің үздігі,
«Құрмет» төсбелісінің иегері,
Астана қаласы
Ардагерлер кеңесінің мүшесі**

Наурыз

<p>19 НАУРЫЗ 18:00</p> <p>«ҚҰРМАНҒАЗЫ – РУХТЫ САЗДЫҒ САРДАРЫ» КОНЦЕРТІ</p> <p><i>Astana Opera театры</i></p>	<p>21 НАУРЫЗ 19:30</p> <p>СӘКЕН МАЙҒАЗИЕВТІҢ КОНЦЕРТІ</p> <p><i>Филармония залы</i></p>	<p>21-22 НАУРЫЗ 11:00-16:00</p> <p>«НАУРЫЗ МЕЙРАМЫ»</p> <p><i>«Қазақ елі» монументінің алаңы мен тұрғын алаптар</i></p>	<p>23 НАУРЫЗ 18:00</p> <p>«НАУРЫЗ – КӨКТЕМ ӘУЕНІ» КОНЦЕРТІ</p> <p><i>Қ.Қуанышбаев театры</i></p>
<p>16-28 НАУРЫЗ 10:00-18:00</p> <p>«ҚОШ КЕЛДІҢ, ӘЗ-НАУРЫЗ!» КӨРМЕСІ</p> <p><i>Сәкен Сейфуллин мұражайы</i></p>	<p>21 НАУРЫЗ 13:00-18:00</p> <p>«НАУРЫЗ БАЗАРЫ» ШЫҒЫС ЖӘРМЕҢКЕСІ</p> <p><i>ЭКСПО аумағы</i></p>	<p>21 НАУРЫЗ 19:00</p> <p>«ӘНІМ СЕН ЕДІҢ» КОНЦЕРТІ</p> <p><i>«Қазақстан» ОКЗ</i></p>	<p>23 НАУРЫЗ 11:00-14:00</p> <p>«НАУРЫЗ МЕЙРАМЫ»</p> <p><i>«Қазақ елі» монументінің алаңы мен тұрғын алаптар</i></p>
<p>17-31 НАУРЫЗ «НАУРЫЗ – ДУМАН» ШОУЫ</p> <p><i>Қуыршақтар театры</i></p>	<p>22-23 НАУРЫЗ 11:00-18:00</p> <p>«НАУРЫЗ МЕЙРАМЫ» ФЕСТИВАЛІ</p> <p><i>ЭКСПО аумағы</i></p>	<p>22 НАУРЫЗ 16:00, 19:00</p> <p>«АБАЙ–ТОҒЖАН» МУЗЫКАЛЫҚ ДРАМАСЫ</p> <p><i>Музыкалық жас көрермен театры</i></p>	<p>22 НАУРЫЗ 18:00</p> <p>«НАУРЫЗ – ДУМАН» ШОУЫ</p> <p><i>Astana Opera театры</i></p>
<p>20 НАУРЫЗ 19:00</p> <p>«НАУРЫЗ» ҰЛТТЫҚ СЫЙЛЫҒЫ</p> <p><i>Мемлекеттік академиялық филармония</i></p>	<p>20 НАУРЫЗ «ҚАРА ЖОРҒА» БИ ФЛЕШМОБЫ, «НАУРЫЗ – ДУМАН» КҮЙ ЧЕЛЛЕНДЖІ</p> <p><i>әл-Фараби атындағы Оқушылар сарайы</i></p>	<p>23 НАУРЫЗ 15:30, 19:00</p> <p>«ГАУҺАРТАС» ПРЕМЬЕРАСЫ</p> <p><i>Музыкалық жас көрермен театры</i></p>	